



Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және
фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті
Төрағасының
2017 жылғы "22" маусым
№ 008977 бұйрығымен

БЕКІТІЛГЕН

**Медициналық мақсаттағы бұйымды
медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулық**

Медициналық мақсаттағы бұйымның атауы

Емшектегі балаларға арналған Синомарин®
Нео мұрын тамшысы 6 немесе 18 бір реттік стерильді
тамшылатқыш-құтылар, 5 мл-ден.

Бұйымның құрамы мен сипаттамасы

Құрамы: Гипертониялық стерилизацияланған табиғи
теңіз суы. Құрамы NaCl - 23 г/л. - 2,3% теңіз суының
ерітіндісі. Құрамында тамыр тарылтқыш компоненттер
мен консерванттар жоқ.
Сәл кермек дәмі бар, түссіз иіссіз, мөлдір сұйықтық.
**Синомарин® клиникалық тұрғыда тексерілген,
ісінуге қарсы 100% табиғи дәрі болып табылады.**

Синомарин® құрамында теңіз суының (2,3% NaCl)
гипертониялық ерітіндісі болуы есебінен ол осмоттық
табиғи механизмнің арқасында мұрынның бітелуін ашады
және оның қойнауларындағы қысымды түсіреді. Бұдан
бөлек ол мұрын қуысын шаяды және тазалайды, мөлшері
артық шырышты жібітіп, вирустармен, бактериялармен,
өсімдік тозаңымен және мұрын жолдарын бітейтін басқа
да ластанулармен бірге шығарады, мұрынмен тыныс
алуды жеңілдетеді.

Теңіз суының құрамында болатын бүкіл микроэлементтер
спектрінің арқасында мұрынжұлтқыншақ шырышына
жағымды әсер етеді.

Синомарин® Нео-ны өкпенің қабынбалы аурулары
кезінде тыныс алуды жеңілдету үшін небулайзердің
көмегімен пайдалануға болады. Жедел бронхиті бар
емшектегі балаларға **Синомарин® Нео**-мен ингаляция
жасау ісінуді басуға және бронхтағы шырышты сұйылтуға
көмектеседі, осылайша тыныс алу жолдарының бітелуін
басады.

Теңіз суы гипертониялық ерітіндісінің әсері:

- ▶ табиғи деконгестант бола отырып, мұрынның ісінуі мен
бітелуін азайтады
- ▶ мұрын қуысы шырышының қабынуын жояды
- ▶ шырышты сұйылтады және шығарады
- ▶ вирустарды, бактерияларды және тозаң аллергендерін
шығарады
- ▶ мұрын шырышты қабығының табиғи қызметінің қалпына
келуіне көмектеседі
- ▶ мұрынның бітелуіне байланысты симптоматиканы
(қышуды, түшкіруді, жөтелді, құлақтағы қысым сезімін,
үйкі бұзылуын) жоюға көмектеседі

- ▶ небулайзердің көмегімен бүріккен кезде тыныс алу
жолдарының шырышты қабықтарының ісінуін басады
және бронхтағы шырышты сұйылтады, осылайша,
тыныс алу жолдарының обструкциясын азайтады. Бұл
тыныс алу қызметін ұлғайтуға көмектеседі және төменгі
тыныс алу жолдары инфекциялары дамуының алдын
алады

Синомарин® Нео

Мұрын тамшысы өмірінің бірінші күніндегі және одан үлкен
балаларға қолданылады.

**Өндіруші-ұйымның атауы және (немесе) тауарлық
белгісі**

Синомарин® Gerolymatos International S.A. EU-нің
тіркелген сауда маркасы болып табылады.

Қолдану саласы:

- ▶ Мұрынның бітуімен қатар жүретін мұрын қуысы
мен мұрын қосалқы қойнауларының жедел және
созылмалы ауруларында көшенді ем құрамында
өмірінің бірінші күніндегі және одан үлкен балаларға:
- риниттерде (құлақтық немесе аллергиялық),
- ЖРВЖ және тұмауда,
- синуситтерде
- ▶ Екіншілік ЛОР-инфекциялардың және асқынулардың,
мысалы отиттің алдын алу үшін.
- ▶ Эндоназалды операциялардан кейін, сауығуды
жеделдету үшін.
- ▶ Тыныс алу қызметі бұзылған кезде немесе жедел
бронхит кезінде (ингаляция небулайзердің
көмегімен).

Қолдану тәсілі:

Әр мұрын жолын күніне 2-3 рет (немесе дәрігердің
ұсынысы бойынша). Қажет болғанда шаю дүркіндігі
арттырылуы мүмкін. Қолдану ұзақтығы шектелмеген.

Небулайзердің көмегімен бүріккен кезде, дәріге арналған
ыдысқа 5 мл-ге дейін **Синомарин® Нео** қосымша
құйылады. Ингаляцияны күніне 3 рет немесе дәрігердің
тағайындауына сәйкес жасайды.

Синомарин® Нео-ны нарықта қол жетімді небулайзердің
кез келген типімен пайдалануға болады.

Қолдану жөніндегі нұсқаулық:

1. Бір құтыны алыңыз.
2. Құтыны ашу үшін қақпақша-ұштықты бұраңыз.
3. Баланы шалқасынан жатқызыңыз және басын оңға
бұрыңыз.
4. Ұштықты баланың сол жақ танауына абайлап салыңыз
және құтының қабырғаларын жұмсақ баса отырып
препараттың қажетті мөлшерін енгізіңіз.
5. Баланың басын басқа жағына бұрыңыз және
өрекеттерді қайталаңыз.
6. Қажет болғанда емшараны қайталаңыз.
7. Мұрын аппликаторын танауынан алып тастаңыз,
баланы отырғызыңыз, оны желкесінен сүйеп ұстап
тұрып, препарат әсер ете бастағанша бірнеше секунд
күтіңіз, одан кейін мұрын тазалаңыз немесе шырышты
алып тастауға арналған арнайы сорғызғышты
пайдаланыңыз.

Небулайзердің көмегімен **Синомарин® Нео**-ны
пайдаланған кезде, осы типтегі небулайзерді өндірушінің
медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулығына сәйкес
ұсынымдарды орындаңыз.

Жиынтықталымы:

Мұрын тамшылары бар бір реттік стерильді
тамшылатқыш-құтылар 5 мл-ден. Нұсқаулығымен бірге
6 немесе 18 құты картон қорапшаға салынады.

Сақтау шарттары:

25 °С-ден аспайтын температурада, күн сәулесінен
қорғалған жерде сақтау қажет.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі:

3 жыл
Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін пайдалануға
болмайды.

Жағымсыз әсерлері:

Жоқ.

Қолдануға болмайтын жағдайлар:

Жоқ.

Сақтық шаралары:

Тек интраназальді қолдануға және тыныс алу
ингаляциясына (небулайзердің көмегімен) арналған.
Әрбір құты тек бір рет қана пайдаланылуы тиіс.

Өндіруші ұйым:



Тіркеу куәлігінің иесі
Gerolymatos International S.A., Греция
13, Askilipiou str., 145 68 Kryoneri, Attiki, Greece.
Тел: +30 2103500800
www.sinomarin.com

Тіркеу куәлігінің иесі
Gerolymatos International S.A., Греция
13, Askilipiou str., 145 68 Kryoneri, Attiki, Greece.

**Қазақстан Республикасының аумағында
тұтынушылардан медициналық мақсаттағы
бұйым жөніндегі шағымдарды қабылдайтын
және тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға
жауапты ұйым:**

«Selftar S.A.», екілдігі Алматы қ., Әл-Фараби д-лы 5,
Нұрлы Тай 1А, 301көңсе. Тел/факс +7 (727) 311 16 28

Синомарин® медициналық мақсаттағы бұйым болып
табылады, ЕК таңбалануы бар және Еуропалық
Одақтың 93/42. Директивасы талаптарына сәйкес
келеді.



Синомарин® Нео:

